Тексерілді:

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Мамыр айы І-ші апта

**Топ:** <u>Кіші топ «Айгөлек</u>
**Балалардың жасы:** <u>2 жас</u>
**Қандай кезеңге жасалды :** 04.05 – 08.05.2026ж
Апта дәйек сөзі: Ынтымақ-, бірлік, келсім-ең асыл байлық ел үшін

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|
| | **ҚР әнұраны** | | | |
| **Балаларды қабылдау** | *Күй күмбірі – баланы жаңа күнге шаттықпен қарсы алу, өнерге жақындату . «Жезкиік»* | *Күй әуені – баланы шаттықпен қарсы алу, рухани әлемін байыту. «Саржайлау»* | *Күй әуені –бүлдіршінді қазақтың салт-дәстүріне жетелеу. «Табиғат»* | *Қоңыр күй – баланы өнерге сүйіспеншілікпен қарсы алу. «Адай»* |
| | *Баланы есік алдынан қарсы алып, көңілін көтеретін сөздер айту. Дене қызуын өлшеп, қимылын бақылау.* | *Баланы ата-анасымен қарсы алу. Баланы қолынан ұстап сенімділік сыйлау. Киімін шешуге көмектесу Жаңа ортаға бейімделуі үшін ойыншықпен немесе сүйікті бұйымымен топқа кіргізу.* | *Баланы қарсы алып, ата-анасына қоштасуға көмектесу. Қысқа сұрақ арқылы көңіл-күйін білу Киімін шешуге үйрету: жеңіл киімін өзі шешуге мүмкіндік беру, қалғанын тәрбиеші көмектеседі. Мінез-құлқында мазасыздық байқалса, ойын арқылы көңілін бөлу.* | *Баланы қарсы алып, сенімділік атмосферасын қалыптастыру. Ата-анасынан баланың таңғы жағдайы туралы сұрап білу. Дене қызуын өлшеп, көз-құлағын сырттай бақылау. Киімдерін шешіп, шкафқа реттеп қоюға көмектесу.* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | *Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы туралы кеңес беру.* | | | |
| | *Жақсылық жасау – мейірім екенін айту.*<br>***Кеңес:*** *Кішкене тәттісін өзгеге беруді үлгі етіңіз.* | *Ерте келудің маңызы – тәртіп пен ұқыптылықтың негізі екендігі жайлы әңгімелесу.*<br>***Кеңес:*** *Балабақшаға дер кезінде жеткізуге мән беріңіз.* | *Дұрыс тамақтану – денсаулықтың басты кепілі екендігі жайлы әңгімелесу.*<br>***Кеңес:*** *Баланың ас мәзіріне жеміс-жидек пен көкөніс қосыңыз.* | *Қауіпсіздік – күнделікті өмірде баланы қорғаудың маңызды шарты жайлы әңгімелесу.*<br>***Кеңес:*** *Жолда жүру ережелерін үйретіңіз.* |
| Балалардың іс-әрекеті(ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары) | ***Дид ойын:***<br>***«Зат неге ұқсайды?»***<br>***Мақсаты:*** *Геометриялық денелер мен фигуралар арқылы, айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата біледі.* | ***Дид ойын:***<br>***Түрлі түсті жолақшалар.***<br>***Мақсаты:*** *Сурет арқылы балалар ұзын – қысқа , түрлі – түсті жолақшаларды ажырата алады.* | ***Дид ойын:***<br>***«Кілтті тап»***<br>***Мақсаты:*** *Балалар түстерді , геометриялық пішіндерді ажырата біледі, топтастыра алады.* | ***Дид ойын:***<br>***«Көжекті жасыр»***<br>***Мақсаты:*** *Төрт мүмкіндіктің ішінен екі берілген нысанды таңдауға үйренеді.* |
| | ***Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан*** | | | |
| Ертеңгілік жаттығу | *Мамыр айының 1-аптасына арналған* | *Мамыр айының 1-аптасына арналған таңғы* | *Мамыр айының 1-аптасына арналған таңғы* | *Мамыр айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *таңғы жаттығу кешені.* | *жаттығу кешені.* | *жаттығу кешені.* | |
| | ***Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау.*** *Жаттығу кешені қосымша тіркелген* | | | |
| Таңғы ас | *Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту* | | | |
| | ***Әңгіме:***<br>*– Сүт, айран, ірімшік – сүйекті қатайтады, бойымызды өсіреді.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Сүт құйылған ыдысты екі қолмен ұстаймыз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Орындықта түзу отырып тамақтанамыз. Арқаңды тік ұстау – әдемі әдет.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Қисайып отырсақ, ыдысты төгіп алуымыз мүмкін.* | ***Әңгіме:***<br>*– Балалар, ас ішер алдында қолымызды жуамыз. Таза қол – денсаулық кепілі.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ылғал еденде жүгірмейміз, тайып кетуіміз мүмкін.* | ***Әңгіме:***<br>*– Балалар, біздің ішетін тамағымызда дәрумендер бар. Дәрумендер бізді мықты, қуатты етеді. Сүт – сүйекті қатайтады, жеміс пен көкөніс – денемізді сау қылады.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Көкөністі, жемісті асықпай шайнаймыз. Үлкен кесектерді жұтпаймыз, қақалып қалмау үшін.* |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ) | *«Смарт бала» жобасы*<br>***Ойын: «Түсті тап»***<br>*Тәрбиеші: «Қызыл түсті тауып бер!» – дейді. Балалар қызыл ойыншықты көрсетеді.*<br>*«Көк түсті тауып бер!» – көк затты көрсетеді.*<br>***Мағынасы:*** *түстерді ажыратуға, есте* | *«Қамқор» жобасы*<br>***Ойын: «Қуыршақты құтқарайық»***<br>*Тәрбиеші: «Қуыршақ жылап қалыпты. Кәне, бәріміз оған күліп, қолымызды бұлғайық!»*<br>*Балалар: «Жылама, қуыршақ!» – деп қуыршаққа күлімдеп қол бұлғайды.*<br>***Мағынасы:*** *мейірімділікке, қамқорлыққа тәрбиелеу.* | *«Шабыт» жобасы*<br>***Ойын: «Кім қалай ән айтады?»***<br>*Тәрбиеші: «Құстар қалай сайрайды? Мяулайтын не? Ит қалай үреді?»*<br>*Балалар жануардың дауысын салып көрсетеді.*<br>***Мағынасы:*** *дыбыстау арқылы сөйлеу мен еліктеушілікті дамыту.* | *«Ұшқыр ой алаңы» жобасы*<br>***Ойын: «Жануарды көрсет»***<br>*Тәрбиеші: «Қоян қалай секіреді? Аю қалай жүреді? Құс қалай ұшады?»*<br>***Мағынасы:*** *қимыл арқылы ойлау қабілетін дамыту, қиялды жетілдіру.* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *сақтауға үйрету.* | | | |
| Кестеге сәйкес ҰІӘ | *Ұлттық құндылық мақсатында ұйымдастырылған іс-әрекет.* | | | |
| | ***Қызығушылықты ояту.***<br>*Тәрбиеші: Балалар, мен бүгін балабақшаға келгенде маған біреу хат тастап кетіпті.*<br>*Мен хатты ашып қарайын.*<br>***Ой балалар бұл ертегі еліндегі Ерден атайдан екен.***<br>*Ол бізге қызықты ертегі жіберіпті. Сендердің ертегі тыңдағыларың келе ме?*<br>*Ертеде орманда әдемі саңырауқұлақ болды, олар орманда көңілді өмір сүрді.*<br>*Балалар саңырауқұлақтың басында несі бар?Қалпақ Қалпақтары* | ***Қызығушылықты ояту.***<br>***Өлең оқу***<br>***Ж. Тұрбеков. Туған елім.***<br>*Туған өлке – кең далам,*<br>*Мәңгілік бақыт орнаған.*<br>*Сайраңдаймыз саяңда*<br>*Еркіті ұлан – біз балаң.*<br>*Сұрақ – жауап.*<br>*Өлең не туралы айтылған? Туған өлке, Отан, туған жер деген сөздерді қалай түсінеміз?*<br>***Ой дамыту***<br>*Меңгерілген білім дағдыларын естеріне түсіру.*<br>*–Біз қандай мемлекетте тұрамыз?*<br>*–Біздің Отанымыз не?*<br>*-ҚР рәміздерін ата ?*<br>*–Оларға сипаттама беру*<br>*–Астанамыз қалай аталады?*<br>*Біздің мемлекетте әр түрлі ұлттар тұрады.*<br>*Орыс, неміс, өзбек т.б*<br>*Олар бір-бірімен тату – тәтті тұрады.*<br>***Ой қозғау.*** | ***Қызығушылықты ояту.***<br>*- Балалар сендер саяхатқа шыққанды ұнатасыңдарма?*<br>*Балалар біз бүгін Астана қаласына саяхатқа барамыз.*<br>*- Астана қаласына қандай көлікпен барғанды ұнатасыңдар?*<br>***Ұшақпен.***<br>***Ендеше өзімізге ұшақ жасап алайық.***<br>***Дид ойын: «Ұшақ»***<br>***Шарты:*** *Геометриялық пішіндерден А3 форматқа ұшақ жапсыру.*<br>*Олай болса балалар көзімізді жұмып, екі қолымызды жайып, өзімізді ұшақта отырғандай сезінейік.*<br>***Әуен қойылады.***<br>*Астана арман қала*<br>*Бағы бір жанған қала*<br>*Тұрады ол жап-жас болып*<br>*Мен үлкен болғанда да.*<br>*Ал балалар көздерімізді ашамыз міне арман қала*<br>*Астанаға да келіп жеттік.*<br>*Ендеше Астана қаласының* | ***Шаттық шеңбер***<br>*-Достар бері, келіңдер,*<br>*Қолдарыңды беріндер.*<br>*Шаттық толы шеңберге*<br>*Қуанышпен еніңдер.*<br>*(Г.Абдрахманов)*<br>***Тосын сәт.***<br>*Айгүл келеді.*<br>*Балалардан достар туралы білгісі келетінін айтады.*<br>***Пед жет ойын: «Егер..., онда...»***<br>*Допты бір балаға беріп, сөйлемді бастап айтады:*<br>*-Егер досың сенен жақсы көретін ойыншығынды сұраса, ...*<br>*-Егер досынды ренжетіп қойсаң, ...*<br>*-Егер досын сенімен ойнамай қойса,...*<br>*Соңғы сұрақ арқылы баларды ойлануға жетелеу, әртүрлі жауаптарын тыңдау.*<br>***Ой дамыту***<br>***АҚТ технологиясымен жұмыс.***<br>*Балаларға «Екі дос» деген әңгімесін айтып беру,мазмұны бойынша сұрақтар қою :*<br>*-Әңгімеде кімдер туралы айтылған?*<br>*-Неліктен достардың біреуі ағаш* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *қандай пішінге ұқсайды?*<br>*Тәрбиеші: Бірақ бір күні жаңбыр жауа бастады.*<br>*Сендер жаңбыр әнін білесіңдер ме?*<br>*Балалар: Иә*<br>***Музыка: Жау жаңбыр.***<br>*Шапалақ әдісімен қуану*<br>*Балалар біз өсімдікті суарсақ, оған не болады?*<br>*Балалар: (ол өсе бастайды).*<br>*Тәрбиеші: Дұрыс, ендеше саңырауқұлақар жаңбырдан соң өсіп кетті, Қандай болды? Балалар: Үлкен болады.*<br>*Саңырауқұлақ үлкен болып, қалпағы да үлкен болып өсіп тұрады.*<br>*Бір күні оның қасына бақа секіріп келеді.*<br>*Тәрбиеші: -Балалар,* | ***Отан туралы тақпақ жаттау.***<br>***–Мағынасын түсіндіру.***<br>***Отан. Ж Әбдірашев.***<br>*«Отан - атам, Отан - әкем!»*<br>*Осы сөзім қате мекен?!*<br>*Қате болса, Неге біздер*<br>*Дейміз оны «Атамекен?!»*<br>***Дид ойын: «Туған жерді гүлдендір»***<br>***Шарты:*** *Дайындалған карта бетіне гүлдер, жүрек суреттерін жақсы сөздер айтып жапсыру*<br>***Балаларды мадақтау.***<br><br>***Денешынықтыру***<br>***Кіріспе бөлім. Амандасу.***<br>***Ойын:«Әткеншек».***<br>*Әрең, әрең, әрең ,*<br>*Әткеншектер айналды.*<br>*Содан кейін бәрі, Жылдам, жылдам, Шыр көбелек айналды.*<br>*Ақырын, ақырын, асықпашы, Әткеншегім, тоқташы.*<br>*1-2, 1-2, міне, осымен Ойын бітті.*<br>*Бір қарқында қимылдауға назар аударады* | *көрікті жерлерімен танысайық.*<br>***Ой дамыту***<br>***АҚТ технологиясымен жұмыс.***<br>*Астана қаласындағы көрікті жерлермен таныстыру.*<br>***Бәйтерек*** *туралы түсінік беру.*<br>***Тосын сәт.***<br>*Осы кезде жетекшінің қалта телефонына хабарлама келеді.*<br>*Жетекші ашып оқиды.*<br>*Балалар қараңдаршы бізге басқа топтың балалары хабарлама жіберіпті:*<br>*«Амансыңдарма? Астанаға жеттіңіздерме? Біз Бәйтеректі көргіміз келеді деген.*<br>*Ендеше балалар біз Бәйтерек макетін құрастырып сыйлыққа апарайық*<br>***Ой қозғау.***<br>***Дид ойын: «Бәйтерек»***<br>*Бәйтерек те қандай пішіндер бар?*<br>*Төбесі неге ұқсайды?*<br>*Балалардың суретті* | *басына шығып кетті?*<br>*-Қалай ойлайсындар, ол дұрыс істеді ме?*<br>*-Оныңорнындасендерболсаңдар не істередіңдер.*<br>***Дид ойын: «Суреттер сөйлейді»***<br>*Мнемотехника тәсілі арқылы әңгімені айтуға үйрету.*<br>***Дид ойын: «Жақсы мен жаман»***<br>***Шарты:*** *Берілген суреттен тақырыпқа байланысты жақсы мен жаман қылықтарды айырып жинау, өз ойын айту.*<br>***Рефлекция***<br>*-Бүгін біз не жайлы әңгімелестік?*<br>*Достық қандай болу керек?*<br>*Айгүл балаларға дос туралы көп үйренгенін айтып қоштасады.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>**Ұ.О:**<br>***«Ұшты-ұшты» Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»*** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *бақа қайда мекендейді?*<br>*Балалар: Батпақта.*<br>*Дұрыс. Ол адасып, қатты дымқыл болды, саңырауқұлақты көргенде, ол батпақтан құтылу үшін секіріп келіп саңырауқұлақтың үстіне шығып отырады.*<br>*Қане бақа қалай секіреді, саңырауқұлаққа қалай паналайды. Көрсетейік.*<br>***Секіру, еңкею, отыру.***<br>*Қараса, қоян жүгіріп келе жатыр, ол да адасып қалған. Балалар, қоян қайда тұрады?*<br>*Балалар: Орманда*<br>*Тәрбиеші: Сонымен ол да жаңбырдан жасырынатын жер іздеді.* | ***Негізгі бөлім***<br>***Жалпы даму жаттығулары***<br>***Б.қ.: «Торғай ұшты»***<br>***1.*** *Аяқты алшақ қоямыз, қолымыз жанға созып құстың қанатын жасау, басты оңнан солға қарай, төмен- жоғары бұру; «Чик- чирик» деп айту. / 5 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Мотор»***<br>***2.*** *Аяқты алшақ, қолымызды кеуде тұсына қоямыз, қолымызды дөңгелек қозғалысқа келтіреміз. «р-р-р» деп айту. /5 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Гүлдің ашылуы»***<br>***3****. Аяқтары бірге қойылған. Отыру. Алақанды біріктіріп ұстау, орнынан тұрарда қолды жоғару созып алақанды ашу. (5-рет қайталау.)*<br><br>***Б. қ.: «көңілді пингвин»***<br>***4.****Өкшелерін беттестіру арқылы пингвиннің жүрісін көрсету. Қолдары жанда пингвиннің қанатын жасау. Орнында тұрып* | *құрастыру жолдарын бақылау.*<br>*Құрастыру жұмысын бағалау.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Біз кішкентай баламыз*<br>*Өсіп-өніп толамыз*<br>*Күнге қарай талпынып*<br>*Көкке қолды созамыз*<br>*Қанат қағып ұшамыз*<br>*Орнымызды табамыз*<br>*- Балалар сендер Астана туралы тақпақ білесіңдерме?*<br>***Тақпақ: Астанам***<br>*Ардақталды* ***Астанам,***<br>*Мәртебелі бас қалам.*<br>*Көркейе бер күн сайын,*<br>*Алға қарай, бас қадам.*<br>*Ендеше балалар туған жерге oраламызба? Туған жерге оралу.*<br>***Сұрақтар ілмегі***<br>*-Балалар сендерге саяхат ұнады ма?*<br>*- Міне біз туған жерімізгеде,*<br>*өз*<br>*балабақшамызға оралдық.*<br>*- Туған жеріміз қалай аталады?*<br>*- Балабақшамыз қалай* | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *Ал бақа оған саңырауқұлақтың астында тұруды ұсынды. Бақаның ұсынысына қоян қатты қуанып, жаңбырдан саңырауқұлақтың астына тығылды. Бірақ сол кезде қасынан аю өтеді.*<br>*Тәрбиеші: Аю қайда тұрады?*<br>*Балалар: Орманда.*<br>*Тәрбиеші: Ал енді бақаның (саңырауқұлақтың үстінде), қоянның (саңырауқұлақтың астында), аюдың (саңырауқұлақтың жанында) отырғанын көрейік. Қане орман шетінде қанша саңырауқұлақ бар (бір), саңырауқұлақтың жанында қанша жануар бар? (көптеген). Бақа жалғыз жалықты,* | *жүру, айналып жүру./10-15секунд/*<br>***Тыныс алу жаттығулары:** «Әтеш» дыбысын салу, «ку-ка-ре-ку» деп айту.*<br>*Мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.*<br>*Негізгі жаттығуларды орындау:*<br>***1.Имектелген жолмен (имектеліп қойған жіп) алаңның қарсы жағына өту.***<br>***2.Допты кеуде тұсынан екі қолмен лақтыру.***<br>*Қолды жылдам созып жіберуге назар аудартады.*<br>*Қимыл-қозғалыс ойыны: «Көпірден еңбектеп өт».*<br>*Көпірді біз саламыз,*<br>*Мәшине мен адамдар,*<br>*Өзеннен өтсін қиналмай.*<br>*Ойын ойнайтын ортаны құрастырамыз – жіптермен өзенді, гимнастикалық тақтайшаны судан өтетін көпір деп бейнелейміз.*<br>*Көпірмен еңбектеп өтіп, келесі жағалауға өтуді ұсынады.* | *аталады?*<br><br>***«Асық ойындары» Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»*** | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *ол қоянның қасына секіріп келді. Саңырауқұлақтың үстінде қанша жануар бар (жоқ), саңырауқұлақтың астында (көп). Балалар сендер білесіңдер ме, аю да жаңбырдан суланып, саңырауқұлаққа шығуға бел буды, бірақ ол қандай? Балалар: Үлкен, семіз. Осылайша ол саңырауқұлаққа шыққанда саңырауқұлақ екіге жарылып кетті. Қоян мен бақа қатты қорқып кетті, енді олар жаңбырдан қайда қорғанады? Тәрбиеші: Балалар, орман тұрғындарына көмектесіп, саңырауқұлақты жапсырайық. Бірақ* | ***Музыка***<br>***Тақырыбы: Қуыршақ Айжанмен билейміз***<br>*«Бөбектер биі» (К. Қуатбаев) жұп биін билеуді ұсынады. 1-бөлімде бір-біріне қараптұрып, аяқтарымен жеңіл серіппелі қимыл жасайды. 2-бөлімде қол ұстасып айналады.Ырғақтысезінеб иқимылдарын біргеорындайды. ПедагогқуыршақАйжанды алыпортағашығады. Балалар, бүгін бізге қуыршақ Айжан қонаққа келді. Сендермен бірге ойнап, әнтыңдағысыкеледі.Кәне,қ уыршақАйжанға «Бессаусақ»санамағынайт ып*<br>*берейікші.*<br>*Бір үйде біз нешеуміз?Кел, санайық екеуміз.Бас бармағым – әкем,Балаң үйрек – анам,Ортантерек– ағам,*<br>*Шылдыр шүмек –* | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *біз оларға көмектеспес бұрын шынығып алайық.*<br>***Дене шынықтыру:***<br>*Саңырауқұлақ саңырауқұлақ өсті (қолды көтеру)*<br>*Жаңбыр сол жерде саңырауқұлақты суарды (олар саусақтарын бастарына шайқайды).*<br>*Саңырауқұлақ жаңбырдан өсті (баяу көтерілу, тұру),*<br>*Жел соқты (тыныс алу жаттығуы - мұрынмен дем алу, ауыз арқылы шығару),*<br>*Біздің саңырауқұлақтар дірілдейді (қолдар бастан жоғары жабылып, қолдар бүйірлеріне қарай дірілдейді)*<br>***Енді саңырауқұлақты мүсіндейміз.*** | *мен,Кішкентайбөбек–сен!*<br>*Қуыршақпенбіргебесік жырынтыңдаңдар,–депұсынысжасайды.*<br>***Музыкатыңдау:****«Бесікжыры»(Ж.Тұрсынбаев,Е.Өтетілеуұлы)*<br>*Сабырлы сипаттағы әнді тыңдап, бесік жыры бөбектерді ұйықтатын кезде айтылатынынтүсіндіру.Қуыршақ Айжанды бесік жырының әуеніменұйықтату.*<br>*Балалар,ендіАйжанғаәнайтыпберейік.*<br>***Ән айту:****«Қайсыекен?»(Б.Дәлденбай,А.Меңжанова)*<br>*Әнді орындап, әуенін, бірінші шумағын үйрету. Әнді екінші рет орындағанда балаларшеңбербойыментұрып,тәрбиешініңкөрсетуіменмәтінгесәйкесқимылдардыжасайды.*<br>*«Кәне,қызықойынбар»–танысәндіқайталау,біргеқосылааайтуғаүйретудіжалғастыру.* | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *Тәрбиеші: Балалар, қараңдаршы, саңырауқұлағымыз тағы да бүтін болып қалды. Жануарлар қуанып жатыр, самал бұлттың бәрін ұшырып, күн шықты.*<br>*Шапалақ әдісі.*<br>***Саңырауқұлақ, саңырауқұлақ,***<br>***Басында қалпағы бар.***<br>***Ормандағы жәндіктерге,***<br>***Жауын жауса пана болар.***<br>*Талдау: Балалар алаңқайда не өсті (саңырауқұлақ) көлемі қандай болды? (кішкентай). Ал содан кейін саңырауқұлақ қандай болды және неге?(үлкен)неге (жаңбыр жауып тұрғандықтан). Ал саңырауқұлаққа кім* | ***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:****«Түсті шашақпенби»****(****А.Жилинский ).*<br>*Шеңбербойыментұрып,түстішашақтарынкөтеріп, тербелеқозғалады.Аяқұшымен жеңіл жүгіреді. Қолдарындағы шашақтарын арқаларына жасырады. Шеңберді кішірейтіп, әуенауысқандаүлкейтеді.*<br>***«****Жай және жылдам»ән-ойыны (Е.Хасанғалиев) Балаларға әннің мәтініне және ырғағына байланысты «жай» және «тез» шапалақтап,аяқтарын топылдату қимылдарын қайталату. Балаларға жеке сөздерге қосылып, әндетеайтудыұсынады.*<br>**Ұ.О:**<br>***«Сақина жасыру» Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»*** | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *бірінші келді? (бақа), ал ең соңғы кім келді? (аю) Орман тұрғындары сіздермен кездесіп, алғыс ретінде сый-сияпат дайындағандарына өте қуанышты. Ал біз сендердің саңырауқұлақтары ңызды қабылдау бөлмесіне іліп, орман тұрғындарына қалай көмектескендеріңді айтамыз.*<br>*Музыка*<br>*Пән жетекшісінің жоспары бойынша*<br>**Ұ.О:**<br>***«Асық ойындары» Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»*** | | | |
| Серуенге дайындық | *Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу.*<br>*Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.* | | | |
| | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза* | *Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу, қатармен жүруге* | *Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *ұстау және жинау* | *дағдыландыру.* | *жөндеуді қадағалау.* | |
| Серуен | ***Картотека № 3***<br>*Желді бақылау* | ***Картотека № 4***<br>*Аспанды бақылау* | ***Картотека № 5***<br>*Бұлтты бақылау* | ***Картотека №11***<br>*Ағаштарға бақылау жасау* |
| | *Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту.* ***Көктемгі серуен картотекасынан*** | | | |
| Серуеннен оралу | *«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.* | | | |
| | ***Киімдерін шешу:***<br>*Балаларды тәрбиеші көмегімен біртіндеп киімдерін шешуге үйрету. Киімдерін орындыққа немесе сөресіне қоюға дағдыландыру*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Балалардың қолдарын сабындап жууына көмектесу. Қолдарын жуған соң жеке сүлгісіне сүртуін қадағалау. Ойын түрінде түсіндіру: «Алдымен сабын, сосын су».* | ***Киімдерін шешу:***<br>*Әр баланы ретімен киімдерін шешіп, жинауға дағдыландыру. Су киімдерін тәрбиешіге көрсетуді үйрету.*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Қолдарын сабындап жуып, сүлгісіне сүрту. «Таза қол – денсаулық» деп айту.* | ***Киімдерін шешу:***<br>*Балаларды тәрбиеші көмегімен біртіндеп киімдерін шешуге үйрету. Киімдерін орындыққа немесе сөресіне қоюға дағдыландыру*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Балалардың қолдарын сабындап жууына көмектесу. Қолдарын жуған соң жеке сүлгісіне сүртуін қадағалау. Ойын түрінде түсіндіру: «Алдымен сабын, сосын су».* | ***Гигиеналық шаралар:***<br>*Сумен шашпауға, тыныш жуынуға үйрету.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Балаларды қол жуып болған соң үстелге жинақылықпен отырғызу.* |
| Түскі ас | *Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну* | | | |
| | ***Әңгіме:***<br>*– Ас ішкен бала күшті, сергек болады.* | ***Әңгіме:***<br>*– Ас ішсек, бойымыз өседі, күшті боламыз. Дұрыс тамақтанған* | ***Әңгіме:***<br>*– Балалар, біздің жейтін тамағымызда түрлі дәрумендер бар. Дәрумендер* | ***Әңгіме:***<br>*– Ас ішкен бала күшті, сергек болады.*<br>*– Дұрыс тамақ ішкенде бойымыз* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *– Дұрыс тамақ ішкенде бойымыз өседі, ойнаймыз, үйренеміз.*<br>*– Ас – денсаулықтың қайнар көзі.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ыстық асты абайлап ішеміз, күйіп қалмау үшін күтеміз.*<br>*– Ас ішіп отырғанда ойнамаймыз, ол – қауіпсіздік үшін маңызды* | *бала әрқашан сергек, көңілді жүреді. Ас – денсаулықтың қайнары.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ыстық тамақты бірден ішпейміз, аздап суытып барып ішеміз.* | *бізді мықты етеді.*<br>*– Сүт пен айран – сүйегімізді қатайтады.*<br>*– Жеміс пен көкөніс – бізге күш, қуат береді.*<br>*– Ет пен нан – бойымыздың өсуіне көмектеседі.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Жеміс-көкөністі жақсылап шайнап жейміз. Үлкен тілімдерді жұтып қоймау үшін абай боламыз.* | *өседі, ойнаймыз, үйренеміз.*<br>*– Ас – денсаулықтың қайнар көзі.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ыстық асты абайлап ішеміз, күйіп қалмау үшін күтеміз.*<br>*– Ас ішіп отырғанда ойнамаймыз, ол – қауіпсіздік үшін маңызды* |
| Күндізгі ұйқы | *Балаларды киімін кезекпен шешуге дағдыландыру.*<br>*Киімін шешкен соң орындыққа ілуге үйрету.*<br>*Төсегіне жатып, ыңғайланып жатқызу.* | *Балаларды киімін ретімен шешуге шақыру.*<br>*Шешкен киімін ұқыптап бүктеп қоюды үйрету.*<br>*Баланы төсегіне жатқызу, қолдау көрсету.*<br>*Көрпесін өзі жауып жатуына көмектесу.* | *Балаларды киімін кезекпен шешуге дағдыландыру.*<br>*Киімін шешкен соң орындыққа ілуге үйрету.*<br>*Төсегіне жатып, ыңғайланып жатқызу.* | *Балалар киімдерін тәрбимен шешеді.*<br>*Киімдерін орындыққа немесе қояды.*<br>*Тәрбиешімен бірге төсегін ашады.*<br>*Жастығын, көрпесін дұрыстайды.* |
| Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары | ***№2***<br>*- Кереуетте жатып, аяқ – қолдарын жоғары көтеру кезекпен.*<br>*- Керуетте жатып велосипед тебу.* | ***№ 3*** *«Саусақтар амандасады.» массаж жасаймыз –«қолды жуамыз».*<br>*- «Қайырлы күн, көздерім!» Қабақты сипаймыз.* | ***№4***<br>*Бір – көтер кәне қолыңды*<br>*Екі – төмен ұста қолыңды*<br>*Үш, төрт – жаныңа соз қолыңды*<br>*Бес дегенде секір көрсет бойыңды.* | ***№7***<br>*«Күннің оянуы»*<br>*- «Міне күн де оянады»- балалар тізе бүгіп отыр, қол төменде.*<br>*- Биік, биік, биікке - қолдарын жоғары қарай көтереді.*<br>*- Түнге қарай батады- Балалар тізе* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *- Қолды алға созып, қайшылап қозғалту.* | *«Оянамыз, құлақтар!» - құлақты сипаймыз,*<br>*- «Қайырлы таң, қолым!» - алақанды сипаймыз.*<br>*- «Оянамыз, қолымыз!» - шапалақтаймыз.*<br>*- «Қайырлы таң, аяғым!» - аяқты сипау.*<br>*- «Оянамыз, аяғым!» - қаз - қаз басамыз.* | *Керілеміз, созыламыз, төсектен біз тұрамыз.* | *бүгіп отырады.*<br>*басты төменге – жоғарыға – төменге еңкейеді.*<br>*«Күлімдейді күн» керемет, керемет - алақан соғады.* |
| | *Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру.*<br>*«Еңбегі адал жас өрен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу.*<br>***Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан*** | | | |
| Бесін ас | *Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдаланып, жуыну ережелерін түсіндіру.* | | | |
| | ***Әңгіме:***<br>*– Ұқыпты бала әрқашан үнемді болады. Ол суды да, тағамды да ысырап етпейді. Ұқыптылық – жақсы мінездің белгісі.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ас ішіп отырғанда арқамызды түзу ұстап отырамыз. Бұл денсаулыққа пайдалы әрі ыңғайсыз жағдайдың алдын алады.* | ***Әңгіме:***<br>*– Балалар, біздің жейтін тағамдарымыздың ішінде дәрумендер бар. Сүт сүйекті қатайтады, жеміс пен көкөніс бізге күш береді. Әр ас – пайдалы.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Жеміс пен көкөністі асықпай, жақсылап шайнап жейміз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Ас ішсек, бойымыз өседі, күшті боламыз. Дұрыс тамақтанған бала әрқашан көңілді, сергек жүреді. Ас – денсаулық көзі.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ыстық тамақты бірден ішпейміз, күйіп қалмау үшін күтеміз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Ас – денсаулыққа пайдалы ғана емес, ол – береке. Сондықтан асымызды төкпей, тауысып жейік.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ас ішіп отырған кезде ойнамаймыз, тыныш отырамыз.* |
| Балалардың | ***Тақпақ жаттау.*** | ***Санамақ*** | ***Отан*** | ***Достық*** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) | ***Отан***<br>***Е.Өтетілеуұлы***<br>*Отан деген - Атамекен,*<br>*Отан деген - туған жер.*<br>*Отан - ана, Отан - үлкен,*<br>*Қазақстан - туған ел.*<br><br>***Қауіпсіздік ережесі***<br>*«Көмектесіңдер! Полиция!»*<br>*Мақсаты: Полицияға көмекке жүгіну қажеттілігі туралы түсінік қалыптастыру.*<br>*Құрал-жабдықтар: Полиция қызметінің нөмірі жазылған телефон бейнеленген карталар - 02. Полицейлердің араласуын талап ететін және қажет етпейтін әртүрлі өмірлік жағдайларды бейнелейтін сюжеттік суреттер жиынтығы.*<br>*Ойын барысы:* | *Бір үйде біз нешеуміз?*<br>*Кел санайық екеуміз.*<br>*Бас бармағым - атам,*<br>*Балан үйрек - апам,*<br>*Ортан терек - әкем,*<br>*Шылдыр шүмек - анам,*<br>*Кішкентай бөбек - мен.*<br>*Біз үйде нешеуміз?*<br>*Біз үйде – бесеуміз*<br><br><br>***Өрт қауіпсіздігі***<br>*«Телефондағы диалогтар»*<br>*Мақсаты. Балаларды телефонда нөмірді дұрыс теруге және сұрақтарға нақты және нақты жауап беруге үйрету.*<br>*Білімділік мақсаты: балаларға телефонмен, соның ішінде жедел жәрдем қызметімен сөйлесудің жалпы қабылданған ережелерін есте сақтауға көмектесу.*<br>*Ойынның барысы. Балалар кезек-кезек жедел жәрдем телефондары бар карталарды* | *Бақытты боп жүргенім*<br>*Сенің арқаң, Ұлы Отан.*<br>*Елім менің –тірегім,*<br>*Құшағында гүл атам.*<br><br><br><br>**Жол ережесі**<br>***«Телефондағы диалогтар»***<br>***Мақсаты. Балаларды телефонда нөмірді дұрыс теруге және сұрақтарға нақты және нақты жауап беруге үйрету.***<br>***Білімділік мақсаты: балаларға телефонмен, соның ішінде жедел жәрдем қызметімен сөйлесудің жалпы қабылданған ережелерін есте сақтауға көмектесу.***<br>***Ойынның барысы. Балалар кезек-кезек жедел жәрдем телефондары бар карталарды таңдайды:01, 02, 03, 04.***<br>***Мұғалім төтенше жағдайдың астарын 3-4 сөйлеммен айтып береді және балаға нақты жағдайға байланысты ойыншық телефон арқылы сол немесе басқа қызметке*** | *Ортақ мекен жер шары,*<br>*Төбемізде бір аспан.*<br>*Барлық ұлттың баласы,*<br>*Достығымыз жарасқан*<br><br>***Денешынықтыру***<br>***Кіріспе бөлім. Амандасу***<br>*Тиін балаларды қарсы алады.*<br>*Алақанды соқ-соқ,*<br>*Аяқпенен топ-топ.*<br>*Шынтақтардабүгілді,*<br>*Көздеріміз жұмылды.*<br>*Тиін, тиін, ұйықтама,*<br>*Бізбен бірге сен ойна.*<br>*Тізбекте бір-бірден қолдарына бүршік ұстап жүру.*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы даму жаттығулары.***<br>***Б.қ.: «Тик-так»***<br>**1**. *Аяқтары алшақ , қолдары белде. «Тик» сөзін айтып басты оңға қисайту , «так» сөзін айтып басты тік ұстау, басты солға қисайтып қайталау. (5 рет қайталау)*<br>***Б. Қ.: «Иықтың жүруі»***<br>**2.** *Аяқ иық көлемінде, қолдар иық үстінде. Иықты артқа, алдыға қарай айналдыру. /5 рет /*<br>***Б. Қ.: «Ағаштар тербеледі»***<br>**3.** *Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жоғарыда. Оң жаққа, сол жаққа тербелу./6 рет /* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *Балалар үш командаға бөлінеді. Мұғалім әр командаға сюжеттік суреттер жиынтығын және полицияның қоңырау нөмірі жазылған карточкаларды таратады. Ойыншылар карточкаларды мүмкіндігінше тез төсеуге тырысадыполицияның араласуын қажет ететін жағдайлар бар суреттердің қасында телефонның суреті. Ойыннан кейін балалар әр команданың іс-әрекетінің нәтижелерін талқылайды.* | *таңдайды:01, 02, 03, 04. Мұғалім төтенше жағдайдың астарын 3-4 сөйлеммен айтып береді және балаға нақты жағдайға байланысты ойыншық телефон арқылы сол немесе басқа қызметке қоңырау шалу туралы тапсырма береді.* | ***қоңырау шалу туралы тапсырма береді.*** | ***Б.қ.: «Күнге жетемін»***<br>***4.****Орнында тұрып секіру. (10-15 секунд)*<br>***Қорытынды:***<br>***Тыныс алу жаттығулары:*** *араның дыбысын салу (з-з-з), мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу. Негізгі қимыл- қозғалыс. Ойын түрінде негізгі қимылдарды орындау:*<br>*«Саябақта»: Балаларды атын атап шақырады.*<br>***1.Түзу созылып жатқан жіптің үстімен жүру.*** *Тепе-теңдікті сақтау – қолдарын екі жаққа созады, денесін түзу ұстайды, аяқтарын тек жіптің үстінеқояды.*<br>*2.Еденде жатқан тақтайшада төрттағандап еңбектеу.*<br>*Нұсқау – тақтайша үстімен ғана еңбектеу, бір-біріне кедергі келтірмеу.*<br>***Қимыл-қозғалыс ойыны: «Допты шеңбер бойымен» –*** *допты бір-бірінің қолына ұстату.* |
| Балалармен жеке жұмыс | ***Тақырыбы: «Менің денем»***<br>***Мақсаты:*** *Дене мүшелерін атауға, оларды дұрыс* | ***Тақырыбы: «Көлік түрлері»***<br>***Мақсаты:*** *Әртүрлі көліктерді ажыратуға, олардың дыбыстарын* | | ***Тақырыбы: «Біздің балабақша»***<br>***Мақсаты:*** *Баланың өз ортасына деген сүйіспеншілігін арттыру.*<br>***Шарты:*** *Тәрбиеші сұрайды: «Балабақшада біз не істейміз?* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *қолдануға үйрету.*<br>***Шарты:*** *Тәрбиеші мұрнын көрсетіп: «Бұл не?» – деп сұрайды.*<br>*Бала: «Мұрын» деп жауап береді.* | *салуға үйрету.*<br>***Шарты:*** *Тәрбиеші суретті көрсетеді: «Бұл не?» – бала: «Машина».*<br>*Тәрбиеші: «Машина қалай жүреді?» – дейді.*<br>*Бала: «Бип-бип» деп дыбыстайды.* | | *Кіммен ойнаймыз?» Балалар жауап береді. Кейін «Қане, бәріміз балабақшаға келе жатқандай жүрейік» деп шеру жасайды.* |
| Серуенге дайындық | *«Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызмететуге тәрбиелеу.*<br>*Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.* | | | |
| | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары.*<br>*Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру.* | *Серуенге шығу.*<br>*Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары.*<br>*Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* |
| Серуен | ***Картотека № 3***<br>*Желді бақылау* | ***Картотека № 4***<br>*Аспанды бақылау* | ***Картотека № 5***<br>*Бұлтты бақылау* | ***Картотека №11***<br>*Ағаштарға бақылау жасау* |
| | *Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту.* | | | |
| Серуеннен оралу | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Кешке ас | Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою,<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану)<br>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті | Құрылыс және құрастыру ойындары<br>«Конструкторлар құрастыр» | Үстел үсті ойындары; «Домино», «Лото», лабиринт «пазлдар"психикалық процестерін дамытуға бағытталған ойындар | Еңбек әрекеті<br>Жууға болатын ойыншықтарды жуу.<br>Міндеттері: ойыншықтарды сабынды суда губкамен жуу, таза сумен шаю, шүберекпен сүрту қабілетін қалыптастыру | Ертегілер, өлеңдер, жаңылтпаштар, мақалдар қайталау |
| Балалардың үйге қайтуы | *Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.* | | | |
| | *Бүгін балалар сурет дәптеріне қарындашпен сызықтар салды.<br>Қолдарын қимылдатуға, өз ойын бейнелеуге талпынды.<br>Үйде балаға түрлі-түсті қарындаш беріп, еркін сызықтар салуына мүмкіндік жасаңыз.* | *Бүгін балалар сурет дәптеріне қарындашпен сызықтар салды.<br>Қолдарын қимылдатуға, өз ойын бейнелеуге талпынды.<br>Үйде балаға түрлі-түсті қарындаш беріп, еркін сызықтар салуына мүмкіндік жасаңыз.* | *Бүгін балалар қарапайым би қимылдарын жасап, ән тыңдады.<br>Әуенге еліктеп, көңілдерін көтерді.<br>Үйде балаңызбен бірге қысқа ән қосып, қол шапалақтау немесе қарапайым қимылдар қайталау пайдалы.* | *Бүгін балалар доппен ойнап, бір-біріне домалатты.<br>Қол-қимылдарын үйлестіруге және достарымен қарым-қатынас жасауға үйренді.<br>Үйде балаңызбен бірге түрлі көлемдегі допты домалатып ойнасаңыздар пайдалы болады* |

Тексерілді:

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Мамыр айы ІІ-ші апта

**Топ:** Кіші топ «Айгөлек»

**Балалардың жасы:** 2 жас

**Қандай кезеңге жасалды :** 12.05 – 15.05.2025ж

Апта дәйек сөзі: Ынтымақ- бұзылмайтын қорған, қосылып еккен ағаш-орман

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|
| | *ҚР әнұраны* | | | |
| **Балаларды қабылдау** | *Күй әуені – баланы ізгілік пен өнерге тәрбиелеу.* ***«Алатау»*** | *Күй күмбірі – баланы шаттыққа бөлеу, ұлттық рухты сезіндіру.* ***«Сарыарқа»*** | *Күй күмбірі – баланың көңілін көтеру, ұлттық болмысқа жақындату* ***«Бұлбұл»*** | *Күй күмбірі – қазақтың тарихын бала жүрегіне жеткізу* ***«Адай»*** |
| | *Баланы күлімсіреп қарсы алып, өзі топқа кіріп баруына мүмкіндік беру.*<br>*Дене қызуын тексеріп, жалпы қимыл-қозғалысына назар аудару.*<br>*Киімін шешуді өзі орындауға дағдыландыру, тек қиын сәттерде көмектесу.*<br>*Баланың достарымен бірге ойнауын қолдау, шағын топтық* | *Баланы жылы сөзбен қарсы алып, достарымен амандасуына жағдай жасау.*<br>*Денсаулығына назар аудару: көз, құлақ, бет-әлпетін сырттай бақылау.*<br>*Киімін шешу және шкафқа реттеп қоюды өздігінен орындауға дағдыландыру (тәрбиеші тек қадағалайды).* | *Баланы есік алдынан қарсы алып, көңілін көтеретін сөздер айту.*<br>*Ата-анамен қоштасуды жеңілдету үшін қысқа ритуал енгізу («қол бұлғап қоштасу»).*<br>*Киімін шешуде белсенді қатыстыру, жеңіл киімдерін өзі шешуіне мүмкіндік беру.*<br>*Жаңа ойындарға шақырып, топ ішінде* | *Баланы есімімен атап, құшақтап қарсы алу.*<br>*Ата-анадан қысқаша ақпарат алу, баланы бірге топқа кіргізу.*<br>*Денсаулығын бақылау: дене қызуы, көңіл-күйі.*<br>*Киімін шешуде көмектесе отырып, жеңіл әрекеттерді (қалпақ, шарф) өзіне орындауға үйрету.* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *ойындарға тарту.* | | *өзін еркін сезінуіне жағдай жасау.* | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | *Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы туралы кеңес беру.* | | | |
| | *Уақытында ұйықтау – денсаулыққа пайдалы екенін айту.* ***Кеңес:*** *Кешкісін балаға ерте жатып, ертегі оқып беріңіз.* | *Жолда абай болу – қауіпсіздік екенін айту.* ***Кеңес:*** *Жолдан өткенде қолынан ұстап, бағдаршамды көрсетіңіз.* | *Жеміс-жидек жеу – күш-қуат беретінін айту.* ***Кеңес:*** *Үйде балаға алма, банан жегізіп, үлгі көрсетіңіз.* | *Қимыл-қозғалыс – денені шынықтыратынын айту.* ***Кеңес:*** *Таңертең 2-3 қимылды жаттығуды бірге жасаңыз.* |
| Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникат ив тік, шығарма шылық, эксперимент ал дық, еңбек, қимыл, бейне леу, дербес және басқалары) | ***Картотека № 12*** ***Дид ойын: «Затты сипаттау»*** ***Мақсаты:*** *түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіруді біледі.* | ***Картотека № 16*** ***Дид ойын: «Затты сипаттау»*** ***«Үй жануарлары»*** ***Мақсаты:*** *Үй жануарларын атай алады, олардың төлдерін сурет арқылы топтастыруды біледі.* | ***Картотека №15*** ***Дид ойын: «Затты сипаттау»*** ***Танып ал да, атын ата*** *Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атай алады.* | ***Картотека № 18*** ***Дид ойын: «Затты сипаттау»*** ***«Құстар біздің досымыз»Мақсаты:*** *Балалар суреттер арқылы құстар туралы, құстарға қамқорлықпен қарауды түсінеді.* |
| | ***Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан*** | | | |
| Ертеңгілік жаттығу | *Мамыр айының 2-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Мамыр айының 2-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Мамыр айының 2-аптасына арналған таңғы жаттығу* | *Мамыр айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | *кешені.* | |
| | ***Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау.*** *Жаттығу кешені қосымша тіркелген* | | | |
| Таңғы ас | *Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту* | | | |
| | ***Әңгіме:***<br>*– Үнемді болу – әдемі әдет. Суды да, тамақты да ысырап етпей, керек болғанда ғана пайдалану керек.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ас үстінде шуламаймыз, қасымыздағы балаларға кедергі келтірмейміз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Нан – ең қымбат ас. Нанды жерге тастамаймыз, оны үнемдеп жейміз. Нан – дастарқанның берекесі.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Нанмен ойнамаймыз, үстел үстіне тастамаймыз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Ас ішкенде өзімізге жеткілікті ғана алайық. Артық алып қалдырмайық. Бұл – үнемді болудың белгісі.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ас ішкенде асықпай шайнаймыз. Асықсақ, қақалып қалуымыз мүмкін.* | ***Әңгіме:***<br>*– Табақтағы тамақты төкпей, шашпай жейік. Артық алып қойсақ, ол ысырап болады. Әр ас – үлкендердің еңбегі.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ас ішіп отырғанда орнымыздан тұрмаймыз. Қолымыздағы ыдысты абайлап ұстаймыз.* |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ) | ***«Смарт бала» жобасы***<br>***Ойын: «Түсті тап»***<br>*Тәрбиеші: «Қызыл түсті тауып бер!» – дейді. Балалар қызыл ойыншықты көрсетеді. «Көк түсті тауып бер!» – көк затты көрсетеді.*<br>***Мағынасы:*** *түстерді ажыратуға, есте сақтауға үйрету.* | ***«Еңбегі адал жас өрен» жобасы***<br>***Ойын: «Жапырақ терейік»***<br>*Тәрбиеші еденге қағаздан жасалған «жапырақтарды» шашып қояды. «Балалар, жапырақтар жерге түсіп қалыпты. Қане, бәріміз жинап көмектесейік». Балалар жапырақтарды көтеріп, себетке салады.*<br>***Мағынасы:*** *еңбекке баулу, тәртіпке үйрету.* | ***«Шабыт» жобасы***<br>***Ойын: «Құс болып ұшайық»***<br>*Тәрбиеші: «Қане, бәріміз құс болайық. Қанатымызды қағып ұшамыз!» – дейді. Балалар қолдарын жайып, құстай айналып жүгіреді.*<br>***Мағынасы:*** *қиялды дамыту, шығармашылыққа жетелеу.* | ***«Қамқор» жобасы***<br>***Ойын: «Досыма берейін»***<br>*Тәрбиеші қолына ойыншық ұстайды: «Менің ойыншығым бар, досыма берейін» – дейді. Балалар кезекпен ойыншықты бір-біріне береді: «Ал, саған!» – деп.*<br>***Мағынасы:*** *бөлісуге, қамқорлыққа тәрбиелеу.* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Кестеге сәйкес ҮІӘ | «Мен – зерттеушімін» - өнертапқыштыққа алғашқы қадам. Балалармен зерттеу жұмысы. | | | |
| | **Қызығушылықты ояту**<br>**Аудио дыбыс телефоннан.**<br>Құрметті балалар мен сендерді өз Орманыма, орман **патшалығына** қонаққа шақырамын.<br>Орман **патшалығы** өте бай,сұлу, мейірімді және жылулық береді. Менің сиқырлы, дана орманым Ертегілер мен ғажайыптарға толы!<br>Сендерді күтемін.!<br>Балалар, сендерге ертегілер мен ғажайыптар ұнай ма?<br>(Иә.) Менімен бірге ертегі орманына барғыларың келе ме? (Иә.)<br>Олай болса, пойыз билеттерін алу керек, ол үшін билеттердің сұрақтарына жауап береміз<br>- егер сендер орман достары болсаңдар, орманда не істеуге болмайды?<br>**Балалар схема бойынша** | **Қызығушылықты ояту**<br>Балалар, ол бізге қонақ келді. Кім табады?<br>(жұмсақ ойыншық)<br>**Өзі қу, жүрген жері шу.**<br>**Балалар: Түлкі..**<br>Дұрыс .Бүгін бізге түлкі қонаққа келді.<br>Түлкі: сәлем, балалар: қыздар мен ұлдар. Мен орманда тұрамын, орманда көп жүремін. Орман ағаштарымен әдемі.<br>Сендер ағаштар туралы не білесіңдер.<br>Мен сендермен ойын ойнағым келіп тұр<br>Сендер ағашқа не бере аласыңдар білесіңдер ме?<br>**Дид ойын: «Ағашқа не керек?»**<br>Шарты. Мен суреттерді ұсынамын (күн, құстар, тамшы, жер, тұқымдар, т.б.).<br>**Балаларды топқа бөлу.**<br>**1-топ:** -Мен ағашқа күнді беремін. Ол жарқырайды, бізді | Есікті қағып. Пошташы орманшыдан хат әкелді.<br>-Балалар, сендер орманшының бізге не жазғанын білгілерің келеді.<br>«Сәлеметсіңдер ме, қымбатты балалар, мен сендерден көмек сұраймын. Көктем келді. Құстар келді,олардың балапандарын өсіретін жері жоқ. Құсқа үй керек. Құстарға көмектесу керек. Содан кейін олар бізді әнімен қуантады.<br>- Балалар, құстарға көмектесіңдерші.<br>Балалар «Шебер қолдар» көрмесіне барайық.<br>**Шығармашылық бұрыш.**<br>**Дид ойын: «Құстарға ұя»**<br>Жұмыстың жасалу жолын түсіндіру және көрсету.<br>- Балалар, біз ағаштарға құстардың үйлерін жапсырамыз. Ағаш діңін қалай жасаймыз?<br>- Құс үйін қалай жасаймыз? | **Дид ойын: « Ненің дауысы»**<br>**Шарты:** Дыбысты ажырату.<br>Балалар, бұл ненің дыбысы естіледі?<br>Балалар: құстардың дыбысы естіледі.<br>Құстар қай мезгілде жылыжақтан бізге ұшып келе бастайды?<br>-Ендеше, қазір бізде қандай жыл мезгілі?<br>- Көктемде табиғат қандай болады?<br>- Бүгін ауа –райы қандай?<br>- Көктемде қар не істейді?<br>**Ой қозғау. Тақпақ оқу.**<br>**Ақұштап Бақтыгерееваның «Гүл ектік» өлеңі**<br>Гүл ектік аулаға,<br>Көктемде көңілді.<br>Бақта да, бауда да<br>Ақ гүлдер өрілді.<br>Тақпақтың мағынасын балаларға түсіндіріп ашу.<br>**Тақпақты тірек-сызба арқылы 3 тәсілмен жаттау**<br>(баяу,ақырын,тез)<br>**Сергіту сәті:**<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ***ережелерді атайды.***<br>*-Ағаш бұтақтарын сындырмаймыз*<br>*-Біз гүлдерді жұлмаймыз, бірақ оларға сүйсінеміз.*<br>*-Біз бейтаныс жидектер мен саңырауқұлақтарды термейміз және оларды тамырымен жұлмаймыз.*<br>*Біз шу шығара алмаймыз, жануарларды ренжіп қалады.*<br>*Біз орманға пойызбен барамыз. Поезды дұрыс жөндеп алайық*<br>***Дид ойын: «Поезд»***<br>***Шарты:*** *Геометриялық пішіндерден үлкен көлемде поезд құрастыру.*<br>***Сұрақ-жауап:***<br>*Қандай пішіндерден поезд құрастырдық?*<br>*Түстері қандай?*<br>*Вагондардағы орынымызға отырамыз.*<br>*Балалар. Ш-Ш-Ш-Ш*<br>*Біздің пойыз шалғындарды аралап келеді, міне алдымыздан жасыл орман көрінді.(АҚТ технол)*<br>*Біз* ***Орман станциясына*** | *жылытады және жапырақтары жасылға айналады.*<br>*Ағашқа күнді жапсыру.*<br>***2-топ:*** *Мен ағашқа құс беремін. Ол ағашты құрттардан тазалайды, ән салады.құстарды ермексаздан жасапағашқа жапсыру.*<br>***3-топ:*** *Мен ағашқа бір тамшы су беремін. Ол ішіп, жапырақтары жайқалып үлкен болып өседі. Суды бояп, ағашқа жапсыру.*<br>***4-топ:*** *Мен ағашқа жер – топырақ беремін, ағаш жақсы өссін, ол тамақтансын деп.*<br>*Топырақтың суретін құрастырып ағаш түбіне қою.*<br>*Біз бәріміз тұқым береміз. Олар көп болсын, өссін деп.*<br>*Тұқымды ағаш түбіне ермексаздан жасап жапсырады.*<br>*Түлкі керемет балалар сендер ағашқа қамқорлық жасауды біледі* | *Ұжымдық жұмыс.*<br>***1-ші жұмыс:*** *А3 форматқа қиылған ағаштарды құрастырамыз, оны желіммен жапсырамыз. (3-4 ағаш макеті)*<br>***2-ші жұмыс:*** *Көктемде ағаштарда қандай өзгерістер болады?Ағаштар бүршік жара бастайды.*<br>***Дид ойын: «Көктем ағаштары»***<br>*Ендеше ағашқа мақта таяқшасы арқылы бүршік саламыз.*<br>***3-ші жұмыс:***<br>***Дид ойын: «Құсқа ұя»***<br>*Тіктөртбұрыштан үйді аламыз, шеңберден құстарға арналған терезесін, үшбұрыштан төбесін аламыз.Содан кейін қолданбаның барлық мәліметтерін жасыл картонға мұқият жабыстырамыз. Содан кейін суреттің жеке элементтерін қосамыз.*<br>***4-ші жұмыс:*** *А3 форматта салынған күн, бұлттарға ермексазды* | *Қосып едім екеуін*<br>*Шыға келді он саусақ.*<br>*Біздер тату баламыз,*<br>*Гүлдей өсіп жайнаймыз.*<br>***Дид ойын***<br>***"Гүлдерді құрастыр"***<br>***Шарты****: Балалардың алдарында гүлдердің бөлшектері араласып шашылып жатады, соларды біртүске келтіріп гүлдерді құрастырып қоюлары керек.*<br>***Қорытынды.***<br>*-Балалар, бүгін қандай тақпақ жаттадық?*<br>*-Тақпақ кім жайында айтылған?*<br>*Балаларды мадақтау*<br>***Ұ.О:***<br>***«Ұшты-ұшты» Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»*** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *келдік ! Вагондардан түсейік!*<br>*Енді жолмен жүреміз*<br>*Біз тар жолмен келе жатырмыз , төбешіктердің арасында жылан сияқты жүріп , ағаштың үстінен секіре отырып, біз* ***орман үйіне*** *,сиқырлы дана орманға келдік!*<br>*Балалар мына жалтыраған алтын тәрізді қорап жатыр. Ішінде не бар екен қарайық.*<br>*Балаларға тапсырма диді.*<br>***1-тапсырма:*** *Менің патшалығымның негізгі тұрғындарын атаңдар*<br>***Ал бұл тұрғындарды қалай атаймыз ?( Ағаштар .)***<br>***2-тапсырма:*** *Менің патшалығым қалай аталады ?* ***(Орман.)***<br>*Балалар шаршаған шығарсыңдар? Орман алқабына отырып ,* ***орманның*** *әуенін тыңдайық.*<br>*Орман дыбыстары* | *екенсіңдер.*<br>*Тағы бір ойын ойнайық.*<br>***Дид ойын: «Иә немесе Жоқ»***<br>*1. Көктемде ағаштар жапырақтары сарғая ма? (Жоқ).*<br>*2. Күзде күнді бұлт жауып тұра ма? (Иә).3. Жәндіктер өздеріне ұя салады ма? (Жоқ).*<br>*4. Жануарлар күзде оңтүстікке ұшады ма? (Жануарлар ұшпайды).*<br>*5. Қыста егін еге ма? (Жоқ, егінді көктемде егеді)*<br>*6. Күн нұрын шаша ма? (Иә).*<br>*7. Жануарлар күнге күйе ме? (Жоқ, олар жай ғана жылынып жатыр)*<br>***Түлкі: Ал енді мен сендерді «Жел мен жапырақтар» ойынын ойнауға шақырғым келеді.*** *Сендер жапырақтар боласыңдар, ал мен самал жел боламын. Самал жел соғады дегенде қолдарыңды жоғары* | *жағу әдісімен көркемдейміз.*<br>***Балалардың өзіндік жұмысы.***<br>*Тапсырманы орындадық. Қараңдаршы, біздің құстардың үйлері қандай әдемі болды. Құстар енді бақытты болады.*<br>***Біз бұл жұмыстарымызды Орманшы атайға түсіріп жіберейік. Ол уайымдамасын. Жұмыстарымызды беріп жіберетінімізді айтамыз.***<br>***Тақпақ***<br>*Келіп көктем құстары,*<br>*Бау - бақшада ән салды.*<br>*Оларды жас достары*<br>*Ұя жасап қарсы алды.*<br>***Қортынды***<br>***Сұрақ-жауап.***<br>***Балаларды мадақтау.***<br><br>***Денешынықтыру***<br>***Кіріспе бөлім. Амандасу Маймыл ойыншықпен таныстыру.***<br>*Кішкентай маймылдарды бейнелеуді ұсынады.*<br>*Бір-екі-үш, бұрылдық,*<br>*Маймылға біз айналдық.*<br>*Күнге қолды біз созып,* | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *естіледі*<br>*(құстардың сайрауы, жапырақтың дыбысы, сайдың шуы, жануарлардың дауысы) .*<br>***Ой дамыту.***<br>***Ағаштар туралы әңгіме****(көрнекі үлгілерді пайдалану) .*<br>***Менің патшалығым - орман , онда ағаштар көп***<br>***Ағаш дегеніміз не ?***<br>*(Ағаш - ең үлкен өсімдік.*<br>***Оның бөліктерін ата.***<br>*(Тамыры, діңі, бұтақтары мен жапырақтары)*<br>***Қалай ойлайсың , ағаш тірі ме?****(Иә.) Неге?*<br>*(Ол өседі, тыныс алады)*<br>*Балалар, орман нелердің үйі? Жануарлар мен құстардың.*<br>***Орманда қандай жануарлар тіршілік етеді?***<br>*Мына ағаш шұңқырында қандай жануар тұрады? (Тиін)*<br>***Індерде қандай жануарлар тіршілік*** | *көтеріп, бұлғайсыңдар, мен* ***Жел ұйықтап қалды*** *десем, жапырақтар қозғалмйды.*<br>***Қим ойын: «Жел мен жапырақтар»***<br>*Жапырақтар, жапырақтар. Бұтақтарда отырадыКенет жел соқты,жел соқты олар қатты қозғалып кетті.*<br>*Түлкі жарайсыңдар балалар бүгінгі күн өте қызықты болды. Менің қайтатын уақытым болды.*<br>*Түлкі, осындай қызықты ойындарың үшін рахмет. Балалар жақсы демалды.*<br>*Балалар саған арнап тақпақ айтып берсін*<br>***Түлкі айтты. Түлкімін***<br>***Тұнып тұрған күлкімін***<br>***Бұлаң - бұлаң, құйрығым***<br>***Текке өтпейді бір күнім.***<br>*Түлкі Балалар, сендер қандай жақсы балаларсыңдар . Рақмет сендерге*<br>*Қортынды* | *Жүрдік оңға, солға да,*<br>*Отырамыз, тұрамыз,*<br>*Шаршамаймыз сонда да.*<br>*Ойын гимнастикасы: «Маймылдар»*<br>*Таң атпастан алаңда*<br>*Маймылдар жүр серуендеп.*<br>*Оң аяқпен топ-топ!, Сол аяқпен топ-топ! Қолдарын созды жоғары, Қане кім биікке?*<br>*Негізгі бөлім*<br>*Жалпы даму жаттығулары.*<br>***Б.қ.: «Көбелек қонды»***<br>***1.*** *Аяқтары иық мөлшерінде. Қолдары артта. Иыққа қонған көбелекті көру. басты оңға, солға бұру, «қонды» деп айту. /6 рет қайталау/*<br>***Б. қ.: «Жыланның қозғалысы»***<br>***2.*** *Аяқ иық көлемінде, қолды жанға созу. Жыланның қимылын жасау. иықты ирелеңдете айналдыру. /5 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Қайшы»***<br>***3.****Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жан-жақта, қолдарды қайшылау./5 рет қайталау./* | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ***етеді?*** *(түлкі, тышқан.)*<br>***Орманда қандай құстар мекендейді?****(Тоқылдақ, қараторғай, көкек, үкі.)*<br>*Орман – аңдар мен құстардың мекені ғана емес, жердің жасыл көйлегі. Орманның ауасы әрқашан таза, өте әдемі, дәрілік өсімдіктер, жаңғақтар, саңырауқұлақтар, жидектер өседі. Орман – біздің байлығымыз!*<br>***Сергіту сәті.***<br>***ормандағы серуенімізді естеріңе түсірулерің үшін біз оның суретін саламыз.***<br>***Дид ойын: «Суретшілер»***<br>***Бүгін біз орманның ағаштарын ерекше түрде саламыз.***<br>*Бұл суретке біздің қолымыз қатысады, қараңыз! Сол қолымызды қағазға қойып, оны қарапайым қарындашпен дөңгелетіп саламыз, саусақтардың ішін бояймыз* | *Сұрақ-жауап*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>***Ұ.О: «Ақсерек-көксерек» Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»*** | ***Б. қ.: «Жұлдызша»***<br>***4.*** *Қолдары белде. Аяқты бірге ұстау. Орнында секіріп аяқты және қолды жанға созу «ха-а-а» деп айту, орнында секіріп аяқты біріктіру және қолды белге қою, «хоп» деп айту. /5 рет қай/ Шеңбер бойы жүру. Еркін жүру. Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүгіру.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:*** *шәйнектік дыбысын салу(ш-ш-ш). Терең тыныс алып, демді шығару.*<br>*Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау:*<br>***Жіпті (таспаны) ұстап шеңбер бойымен жүгіру.***<br>*«Әткеншек» ойыны – музыка ырғағымен бір қарқында қозғалу.*<br>***Орнында тұрып ұзындыққа секіру*** *(30 см қашықтыққа)*<br>***Ойын жаттығуы.***<br>*Ені 30 см матадан өзенді бейнелейді, маймылдарға одан секіріп өтуді ұсынады. Қалай секіруге болатынын түсіндіріп, секіріп көрсетеді. Екі аяқпен бір* | |

| | | | | |
